

## Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын шет елдік азаматтарды есептік тіркеу туралы

### *Күшін жойған*

Алматы қаласы Әкімшілігінің 2003 жылғы 15 қыркүйектегі N 4/530 қаулысы. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2003 жылғы 29 қыркүйекте N 553 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 9 маусымдағы № 2/345 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 9 маусымдағы № 2/345 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 шілдедегі, миссионерлік қызметті жүзеге асыратын шет елдік азаматтарды есептік тіркеуді жүргізу көрсетілген "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 136 қаулысына толықтыру енгізу туралы" N 702 қаулысын орындау үшін Алматы қалалық Әкімшілігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын шет елдік азаматтарды есептік тіркеу туралы Тәртіп" бекітілсін. (N 1 қосымша)

**Ескерту: 1 тармақ өзгерді - Алматы қалалық Әкімшілігінің 2004.06.28 N 3/513 қаулысымен.**

2. Миссионерлік қызметпен айналысуға арналған "Рұқсаттың" бірыңғай үлгісі бекітілсін. (N 2 қосымша)

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің орынбасары А.Қ Бижановқа жүктелсін.

*Алматы қаласының әкімі*

*Әкімшілік хатшысы*

Алматы қалалық Әкімшілігінің  
2003 жылғы 15 қыркүйектегі  
N 4 / 530 қаулысына

N 1 қосымша <\*>

**Ескерту: 1 қосымша өзгерді - Алматы қалалық Әкімшілігінің 2004.06.28 N 3/513 қаулысымен.**

**Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын шет елдік азаматтарды есептік тіркеудің**

# тәртібі туралы

## ТӘРТІП

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 шілдедегі " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы N 136 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" N 702 қаулысын жүзеге асыру мақсатында әзірленді.

2. Миссионерлік қызметті жүзеге асыру үшін заңда көрсетілген тәртіпке сәйкес Қазақстан Республикасына келген барлық шет елдік азаматтар есептік тіркелуге жатады.

3. Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын шет елдік азаматтарды есептік тіркеуді Алматы қаласындағы аудандық әкімшіліктер діни бірлестіктің заңды тұлғасының мекен-жайы бойынша жүзеге асырады.

### 2. Есептік тіркеудің тәртібі

1. Шет елдік азаматтар миссионерлік қызметті жүзеге асыру үшін аудандық әкімшіліктің аппаратына келесі құжаттарды тапсырады:

1) діни уағыз құралдары және миссионерлік қызметінің мерзімі көрсетілген өтініші;

2) миссионерлік қызметті жүзеге асыру құқығын ұсынып, діни ұйымға берілген сенімхаттың немесе басқа да құжаттың көшірмесі;

3) миссионер өкілі болып табылатын діни ұйымының өз елінің заңнамасына сәйкес ресми тіркелгенін растайтын, тіркеу туралы куәлігінің немесе басқа да құжатының көшірмесі;

4) Қазақстан Республикасында тіркелген діни ұйымды шақыру құжаты;

5) миссионерлік қызметке арналған әдебиет, дыбыстық, бейнелік материалдар және (немесе) басқа да діни ұйымды шақыру құжаты;

2. Өтініш иесі аталған құжаттарды көрсетерде белгіленген тәртіпке сәйкес тіркелген құжатты ұсынады.

3. Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын шет елдік азаматтарды есептік тіркеу құжаттар берілген соң жеті тәуліктен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

4. Ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Тәртіпке сәйкес келген жағдайда аудандық әкімшілік миссионерлік қызметті жүзеге асыратын ғылыми тіркеу туралы тиісті өкім қабылдайды және миссионерлік қызметпен айналысуға рұқсат 2 қосымша береді.

**Ескерту: 4 тармақ өзгерді - Алматы қалалық Әкімшілігінің 2009.01.12 N 1/15**

қ а у л ы с ы м е н .

5. Рұқсатта тіркелу нөмірі, берілген күні, миссионердің тегі және есімі, қай діни бірлестікке жататыны және қызметінің мерзімі көрсетіледі.

6. Егер миссионерлік қызметтің мәні мен мақсаты Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келсе, ол есептік тіркелмеуі мүмкін.

*Әкімшілік хатшысы*

Алматы

қалалық

Әкімшілігінің

2003

жылғы

15

қыркүйектегі

N

4 / 5 3 0

қ а у л ы с ы н а

N 2 қосымша

**Алматы қаласында миссионерлік қызметпен  
айналысуға арналған  
РҰҚСАТ**

N \_\_\_\_\_ 200\_ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

1. \_\_\_\_\_

(миссионердің тегі, есімі)

2. \_\_\_\_\_

(діни сенімі, қай діни бірлестікке жататыны)

3. Осы рұқсат \_\_\_\_\_ дейін жарамды.

(рұқсаттың қолданылу мерзімі)

Аудан Әкімінің қолы

*Әкімшілік хатшысы*